

## ТРЕНИНГ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ТРАНСВЕРСАЛЬДІ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ АӘДСІ РЕТИНДЕ

\*Сарсенбаева Г.Х.<sup>1</sup>, Жумабаева А.Е.<sup>2</sup>

<sup>\*1,2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,  
Қазақстан

**Аннотация.** Бұл мақала бүгінгі таңда кәсіби маман даярлауда болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамыту мәселесіне арналады. Ғылыми әдебиеттерді зерделеу негізінде трансверсальді дағдыларды дамытудың қазіргі жайына талдау жасалады. Болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамытудың әдістерінің бірі және маңыздысы тренинг жайында сөз болады. Икемді дағдыларын дамыту мақсатында жүргізілген тренингтерге деген студенттердің қызығушылықтары негізге алынып, мақалада осы мүмкіндіктерге сәйкес олардың трансверсальді дағдыларын дамыту мәселесінің өзектілігі айқындалады.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім алушыларына жүргізілген тренингтерді Колб моделі бойынша жоспарлау және оларды өткізудің нәтижелері мен кері байланыстар талданады. Зерттеу нәтижелерінде білім алушылардың трансверсальді дағдыларға деген қатынастары мен көзқарастарының оң екендігі көрінді.

Студенттерден алынған кері байланыстар бойынша, тренинг барысында келесідей трансверсальді дағдыларды: командада жұмыс жасай білуді, креативтілікті, тиімді коммуникацияны, сыни ойлауды, трансформациялық көшбасшылықты, эмоционалды интеллектіні, тайм-менеджментті және т.с.с. дамыту сапалы білім алуға, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Зерттеудің аралық нәтижелері тренингті жүргізудің Колб моделі мен Кембридж университетінің білім беру факультеті ұсынған тренингтік әдістердің тиімділігін айта келе және ұлттық құндылықтарды қолдана отырып, біздің авторлық тренингтер жүйесін жасауға жағдай туғызды.

**Тірек сөздер:** болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлау, кәсіби дайындық, трансверсальді дағдылар, тренинг, тренингті Колб моделі бойынша жоспарлау, ұлттық құндылықтар, тренингтің құрылымы, дамыту

### Кіріспе

Зерттеу мәселесін шешуде болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын ұлттық құндылықтар негізінде дамытудың теориялық іргелі заманауи зерттеулерінің нәтижелері мен зерттеудің жүйелі іске асырылуының логикалық бірізділігі басшылыққа алынды. Біз зерттеу жұмысымызда білім алушылардың болашақта трансверсальді дағдыларды қолдануға дайындығын жүзеге асыруды технологиялық қамтамасыз етуді мақсат еттік. Әдістемелік тұрғыдан және қолдану технологиясы бойынша болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын, әсіресе, тұлғааралық дағдылар, тұлғаишілік дағдылар, жаһандық дағдылар, медиа дағдылар, командада жұмыс жасай білу, ұлттық құндылықтарға негізделген тиімді коммуникация, сыни ойлау, креативті ойлау, трансформациялық көшбасшылық,

эмоционалды интеллект, цифрлық технологияларды қолдану т.с.с. секілді дағдыларын дамыту мәселесінде ерекше көңіл бөлетін сұрақтар көбейіп отыр.

Әлемдегі жаһандық, технократтық, геосаяси ахуалға байланысты қарқынды түрде өзгерістер болып жатқанын ескере отырып, мамандарды, атап айтқанда, болашақ бастауыш білім педагогтерін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ұстанатын, адал, әрі икемді мамандар етіп дайындау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылдың 1-қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы», - деп, еліміздің азаматтарының адами, ұлттық құндылықтарды білетін, сөзімен ғана емес, ісімен де ол құндылықтарды қазіргі заманауи жағдаяттарда бейімдеп қолдана алатын адал азамат, яғни өз өмірінің көшбасшысы болуға шақырады [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өмір бойы оқу тұжырымдамасында» күнделікті жаңа білімнің қаржылық, құқықтық, цифрлық, медициналық салаларда әлеуметтену дағдыларының (коммуникация, кооперация, сыни ойлау) тапшылығы маңызды мәселелердің бірі болып табылатындығы, әртүрлі дағдыларды меңгеру өте маңызды екендігі айтылады. PIAAC зерттеуіне сәйкес, Қазақстан азаматтарының 50%-ға жуығы өмірге қажетті дағдыларды дамытудың екінші деңгейіне ғана жетеді [2].

Біздің ойымызша, адамның өз өмірін, өз кәсібін табысты басқара білуі, үздіксіз оқуға, үйренуге ынталы болуы дегеніміз – академиялық білікпен қатар, трансверсальді білік, дағдылары қалыптасқан, яғни тұлғаишілік, тұлғааралық қарым-қатынас тетіктерін білетін, оларды тиімді қолдана алатын, креативті, проактивті, EQ-ы дамыған, сыни ойлайтын тұлға, адал азамат болып даму бағытында әрекеттену деген сөз. Осы орайда, психологтар, нейробиологтар адамзат өзіне қажетті болашақты жасай отырып, белсенді түрде ойлауға, өзгертуге және әрекет етуге қабілетті екенін дәлелдейтін зерттеулер жүргізіп, көптеген дәйектер келтіруде.

Кәсіби оқыту бағдарламалары бүгінгі күні академиялық білім, білік, дағдыларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған. Осы орайда, «болашақ педагогтерге академиялық, кәсіби дағдыларды ғана үйрету қажет пе, қазіргі кезеңде мамандыққа жақсы дайындалу үшін тағы қандай білік, дағдылар қажет?» деген сауал туындайды.

Зерттей келе, мамандарды даярлау бойынша оқу орындарының көпшілігі кәсіптік оқыту немесе үздіксіз кәсіби даму арқылы алынған арнайы, академиялық дағдыларға бағытталғандығын байқағанымызды айта кеткіміз келеді. Ал, қазіргі таңда жұмыс берушілерге ең қажет дағдылар – олар трансверсальді дағдылар. Бұл жайында ЮНЕСКО: «Трансверсальді дағдылар үйренушілерге өзгерістерге сәтті бейімделу, мағыналы және өнімді өмір сүру үшін көбірек қажет болуда», - дейді және трансверсальді дағдыларды келесідей анықтайды: «Әдетте нақты жұмысқа, тапсырмаға, оқу пәніне немесе тәжірибе

саласына қатысты емес және түрлі жағдайлар мен жұмыс параметрлерінде қолдануға болатын дағдылар» [3]. Бұл дағдыларды «икемді» немесе «ауыспалы» деп те атауға болады, өйткені олар белгілі бір салаға, жұмыс рөліне ғана тән емес.

Трансверсальді дағдылар – бұл әрбір жұмыс үшін құнды дағдылар, көбінесе табысты анықтайтын дағдылар. Неліктен мұндай дағдылар маңызды? Жоғары мамандандырылған кәсіби дағдылар бәсекелестік артықшылықты орнату және ұйым ішіндегі белгілі бір рөлде табысқа жету үшін маңызды болуы мүмкін, дегенмен трансверсальді дағдылар адамның ұзақ мерзімді перспективада әрқашан сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете алатын дағдылар болып табылады.

### **Материалдар мен әдістер**

ЮНЕСКО трансверсальді дағдылардың алты санатын атап көрсетеді: сыни және жаңашыл ойлау; тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары; тұлғаишілік дағдылар; жаһандық азаматтық; ақпараттық сауаттылық; басқалар. Мұндағы басқалар проблеманы шешуді, тайм-менеджментті, командалық жұмысты, үздіксіз дамуды, көшбасшылықты және т.с.с. қамтиды [3].

Ауыспалы көлденең, яғни трансверсальді дағдылар көптеп саналатын болса да, оларды әдетте бес негізгі санатқа топтастыруға болады. Жоғарыда аталған ЮНЕСКО жіктемесінен бөлек, М.Тилеа[4], О.Дуца[4], Дж.Йоханссон[4], П.Мурфи [4], Н.Ларраз[5], С.Васкес[5], М.Лиеса[5], А.Гуиллэнд[6], Ч.Фадель[7], М.Бялик[7], Б.Триллинг[7], Ш.Н.Альдибекова[8], Г.Б.Капсанова[8], А.М.Жұбандыкова[8] және т.б. зерттеушілер трансверсальді дағдыларды келесідей түрде атап көрсетеді: тұлғааралық дағдылар; аналитикалық дағдылар; техникалық дағдылар; ұйымдастырушылық дағдылар; жеке қасиеттер.

Осы аталған дағдыларды студенттер бойында қалыптастыру үшін негізгі сабақтарға кіріктіре отырып, коучинг, тренинг, интеллектуалды ойындар арқылы қолданудамыз, соның ішіндегі көбірек, әрі табысты нәтижелер беріп жүрген әдістің бірі тренинг жайында сөз қозғасақ.

Тренингте әрбір білім алушы белсенді жұмыс істейді, барлығы дерлік оқытудың жалпы логикасына кіріктірілген арнайы жаттығулар жүйесі арқылы белгілі бір дағдыларды меңгереді. Тренинг (ағылшынша training – оқыту, жаттығу, дайындау) оқу материалының мазмұнының бір бөлігі барынша азайтылған оқыту түрі.

Тренингте тәжірибелік дағдыларды дамытуға басты назар аударылады және арнайы берілген жағдаяттар үлгіленіп, нақты іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Тренингке қатысушылар кәсібіне және өміріне қажетті практикалық дағдыларды дамытуға және бекітуге, мінез-құлық үлгілерін меңгеруге, өз тәжірибесіне көзқарасын өзгертуге мүмкіндік алады.

Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Жапония, Сингапур, Ресей және т.с.с. елдер тәжірибесінде тренинг тренердің/оқытушының топтық жұмыстың белсенді әдістерінің мүмкіндіктерін пайдалануды және оқу тобының әрбір мүшесінің қабілетін, оқу стилін ескеріп, арнайы құрастырылған жаттығулар жүйесін

пайдалана отырып, қатысушылардың дағдыларын, құзыреттерін дамытуды көздейді. Тренинг бағдарламасын, әдетте, оқытушы-тренер құрастырады.

Біздің зерттеуіміздің аясында жүргізілген тренингтерде білім алушылардың бойында дамыту көзделген трансверсальді дағдылар түрлері:

- Тиімді қарым-қатынас (коммуникация);
- Командада жұмыс жасай білу;
- Трансформациялық көшбасшылық;
- Жаңашылдық (креативтілік);
- Эмоционалды интеллект;
- Сыни ойлау;
- Өзіндік рефлексия.

Психологтар жеке тұлғаны белсендендіру, әлеуметтік белсенділік пен ынталы мінез-құлықтың жоғары деңгейіне жеткізу тек тренинг арқылы оқытуда ғана мүмкін екенін айтады. Бұл жаңа бейімделу мүмкіндіктерін, мінез-құлықтың икемділігін және динамикасын үйренген кезде пайда болады.

Оқыту тәжірибесінде тренингтің пайда болуы Курт Левиннің шығармашылығымен байланысты. Сонымен қатар, тренингтер туралы әскери дайындықтың сипаттамасынан да кездестіруге болады. Оқытудың ерекше түрі ретінде тренинг салыстырмалы түрде батыста XX ғасырдың 40-жылдарында пайда болды. Тренингті алғашқы болып қарым-қатынас тиімділігін дамыту мақсатында АҚШ-тың Бетел қаласында Курт Левиннің шәкірттері жүргізді [9].

### **Нәтижелер және талқылау**

Тренингті жоспарлау мен жүргізудің көптеген тәсілдері бар. Соның ішінде, 2012 жылы елімізге келіп, жалпы орта білім беру жүйесіне көптеген жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуге мұрындық болған Кембридж университетінің Білім беру факультетінің үйреткен және нақты тәжірибеде көрсеткен тренингтің құрылымында, жоспарлауында және жүргізу үдерісінде тренингтің басы, негізгі бөлігі, рефлексиялау-қорытынды бөлігі бар. Онда үлестірме материалдар және таныстырылым арқылы жеке, жұптық, топтық жұмыстар барысында әртүрлі интербелсенді әдістерді қолданып, белсенді оқу жүзеге асады [9].

Біздің сараптауымызша, Кембридж үйреткен тренинг арқылы оқыту Бенджамин Блум таксономиясы негізінде білу-түсінуден бастап, талдау-жинақтау, бағалау деңгейін дамыту мақсатында жүріп отырды. Біз Кембридж тәсілдемесі бойынша тренингтерді педагогтердің біліктілікті арттыру курстарында жүргізіп, критерийлер арқылы объективті бағалап, мол тәжірибе жинақтадық, ол ауқымды жұмыстарымыздың нәтижелері он жылға жуық уақытта жазған ондаған портфолиоларымызда көрініс тапты.

Біз білім алушылардың оқу тәжірибесінде тренингті жоспарлау мен жүргізудің Дэвид Колб моделіндегі нұсқасын қолдандық [10]. Д.Колбтың тренингті жоспарлау, жүргізу моделі қазіргі уақытта белсенді әлеуметтік-психологиялық тренинг жүргізу саласындағы мамандар арасында кеңінен

қолданылады. Мұны отандық және шетелдік әртүрлі дереккөздерден байқауға болады.

Колб моделіндегі қадамдарды қолданудың артықшылықтарын талқыламас бұрын, оқушылардың оқу стильдерін қалай анықтауға болатыны туралы қысқаша тоқталсақ. Британдық психологтар Хоней және Мамфорд өз еңбектерінде әртүрлі оқу стильдерін сипаттады, сонымен қатар білім алушыларға сәйкес оқу стилін анықтау үшін тест әзірледі. Оқу стильдері төрт түрге бөлінеді: белсенділер, ойшылдар, прагматиктер және теоретиктер [11].

Модельдегі төрт кезеңнің ерекшеліктерін келесі сипаттамалардан байқауға болады:

*Тәжірибе, тәжірибені жүргізу.* Тренингке білім алушылар қызығушылықпен қатысуы, әрі белсенді түрде оқуды ұйымдастыру үшін нақты, түсінікті, бастапқы материал қажет. Оқудың бірлесе оқуға қолайлы ортасын құрастыру үшін сауалнама жүргізу, құрылымдалған бақылау арқылы білім алушылардың мақсаттарын анықтау керек. Тәжірибеде Колб моделін қолдану нәтижесінде топтың жаңа материалды әртүрлі деңгейде меңгере алатынын және бұл жағдайда студенттерге білімдерін одан әрі байытатын тәжірибе қажет екені байқалды. Оны рөлдік ойындар, жаттығулар, жағдаяттарды талдау, нақты әрекетпен айналысу және тағы басқа тәжірибелер арқылы алуға болады. Білім алушылардың қызығушылығын арттыру, коллаборация, кооперацияға жұмылдыру және жаңа материалды тез меңгеру үшін интербелсенді әдістер – миға шабуыл, талқылау, пікірталас әдістері, жаттығулар, рөлдік ойындар, жағдаяттарды функционалды түрде қолдануға болады. Топ орындаған тәжірибені түсіну және бағалау қажет, бұл үшін арнайы талдау және кері байланыс қолданылады [12].

*Теорияны меңгеру.* Бұл кезең топтың сабақ барысындағы белсенділігіне, белгілі бір теориялық, дәлірек айтсақ, жинақталған тәжірибеге жетудегі өзіндік күш-жігеріне байланысты. Тренер кейде топқа дайын теорияны бере алады. Бұл нұсқалардың бәрі оқытудың ерекшеліктеріне байланысты. Егер топ өздерінің тәжірибесіне негізделген теориялық модель жасай алса, бұл қабылданады. Егер теорияны оқытушы топ үшін әзірлесе, ол әдетте дәріс арқылы, кейде өтілген материалды жеткізудің басқа, сирек қолданылатын әдістері арқылы беріледі.

*Сараптау.* Тренингтің міндеті қатысушыларды кейбір пайдалы ақпаратпен хабардар ету ғана емес, сонымен қатар олардың қоршаған әлемге деген көзқарасына, мінез-құлқына нақты өзгерістер енгізу болып табылады, өйткені маңызды кезеңдердің бірі олардың біліктілігін арттыру болып табылады. Мысалы, тиімді қарым-қатынасты дамыту тренингінде тәжірибе нақты дағдыларды практикалық меңгеру түрінде беріледі, бұл жағдайда оқыту мен рөлдік ойындар сараптаудың негізгі өлшемдері болып табылады. Әртүрлі мақсаттармен оқыту кезінде бағалаудың басқа әдістері мен басқа да қолдау әрекеттері қарастырылуы мүмкін.

*Талқылау.* Сараптамадан кейінгі келесі міндетті кезең. Талқылау кезінде топ құнды тәжірибе жинақтайды. Тәжірибенің топпен сапалы зерттелуі, меңгерілуі және қорытылуы өте маңызды. Сондықтан жұмысты орындауды тәжірибе

барысында көру, есту, оларды сапалы талдаумен ұштастыру топтың тәжірибесін жаңа біліммен, жаңа дағдылармен жинақтауға бағытталады. Тренингтің түрі мен сипаттамасына қарамастан, осы талдау шарасын жүзеге асыру үшін тренердің тікелей қатысуы маңызды [12].

Колб моделіне тән негізгі шараларды анықтап және тренингті жоспарлау кезінде көрсету ыңғайлы болуы үшін қысқартылған белгілермен таңбалайық:

Тренингтің негізгі бөлімінде ТжБТП модульдері орналасады. Қысқартылған белгілер мынаны білдіреді:


Тж – тәжірибе, маңызды мәселелер, нақты жағдаяттар. Мұнда қолданылатын әдістер: сұрақ қою, контекстке байланысты мәселелерді саралау, топта мәселелерді шешу, нақты жағдаяттарды талдау, рөлдік ойындар, шағын топтармен жұмыс.

Б – тәжірибенің мәнін түсіну және бақылау. Оқытудың бірінші кезеңінде алынған ақпарат пен тәжірибені талдау. Қолданылатын әдістер: алынған ақпаратты саралау, шағын топтарда талқылау және бірлескен топтық талқылау, қатысушылардың жеке пікірлері, шағын топтардың жұмысы туралы есеп беру.

Т – тәжірибе жинақтау, теорияны меңгеру. Талқылау қорытындысы құрастырылады, екінші кезеңде алынған нәтижелер қорытындыланады, жаңа білім қоры байытылады [12].

П – практикалық тапсырмалар. Берілген кезеңде практикалық жұмысқа үлкен мән берілсе, П әрпімен белгіленеді.

Әрбір теориялық немесе практикалық тапсырмадан кейін жұмыс формативті түрде бағаланады, оны Б бас әрпімен белгілейміз, ал Тж әрпімен бірлескен орта құру тапсырмаларын белгілейміз, берілген жаттығуды қорытындылау, талқылау үшін кіші б әрпін қоямыз. Осылайша кодтау арқылы тренер жоспарлаған жұмыстарды, тапсырмаларды көруімізге болады.



Сурет 1 - Тренингті жоспарлау кестесінің тәжірибеде қолданылған моделі

Тренер үшін жоспарлау барысында дәріс немесе практикалық сабақтар мазмұнын кестемен көрсетудің маңызы зор (1-сурет). Топтың сабақ кезіндегі белсенділіктерінің барлық түрлері оның мақсаттарымен ұштасып, сәйкес келгені орынды. Тренер тренинг моделін құруға кіріспес бұрын алдын ала оның мақсаттарын анықтап, жазып қоюы шарт. Осыдан соң ол мақсатын тағы да бірнеше тармақтарға бөледі және олардың әрқайсысына қол жеткізу үшін сабақтың өту кезеңі барысында топтық тапсырмаларды жоспарлауға күш

жұмсай отыра, әрдайым өзіне «алдымызға қойған мақсатты орындау үшін белсенділіктің қандай тәсілдерін қолдану керек және не үшін?» деген сұрақтарды қоюы маңызды.

Тренингті жоспарлау кезінде тренер циклді қайталанатын төрт кезеңде ескеруіне болады, себебі адам ақпаратты осы төрт тәсіл арқылы есте сақтайды:

- білім алушылардың талданатын тақырып бойынша тікелей тәжірибені алу **деңгейі**;
- талданатын тақырып шегінде алынған тәжірибе мен көрсетілімдерді қатысушылардың талқылау **деңгейі**;
- «қазір және осында» тәжірибесін осы саладағы бұрынғы тәжірибемен, теориямен сәйкестендіру, жалпылау, құрылымдау, жинақтау **деңгейі**: әрекеттің қандай тәсілдері тиімдірек екендігі туралы болжамды қалыптастыру;
- білім алушылардың әрекет ету тәсілдерін тәжірибеде қолдануын жобалау **деңгейі**.

Біздің зерттеуімізде «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы контекстінде студенттердің трансверсальді дағдыларын қалыптастыру үшін келесі әдістер пайдаланылды: негізгі пәндерге кіріктіре меңгерту, коллаборативті оқыту және білім алушылардың өз бетімен жұмыстарына берілетін тапсырмалар арқылы дамыту. Келесі суретте тренингтерде алынған кері байланыстар бойынша трансверсальді дағдылардың даму деңгейлері көрсетілген.



2-сурет. Тренингтерде алынған кері байланыстар бойынша білім алушылардағы трансверсальді дағдылардың даму деңгейлері

Тренингтердің қорытынды бөліктерінде білім алушылардың берген кері байланыстары олардың дипломатиялық, сындарлы коммуникацияға түсуін, топтағы және өзіндік трансформациялық көшбасшылығын, эмоционалды интеллектісін және рефлексиясын дамытуда тренингтің Колб моделімен және әртүрлі белсенді әдістерді қолданып ұйымдастыруымыз оң нәтиже бергендігін көрсетті. Нәтижесінде бақылау арқылы трансверсальді дағдылар білім алушылардың тиімді қарым-қатынас жасау, эмоцияны, өз әрекетін басқару,



байланыстыру, құрастыру, зерттеу, жасау және өз бетімен оқу қабілеттерімен байланысты екендігін байқадық.

### **Қорытынды**

Қорыта келе, болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамыту үшін тренинг әдісін қолданудың тиімді екендігін, оны Колб моделі арқылы жүргізудің нәтижесінде келесідей түйін жасауға болатындығын айтқымыз келеді:

- білім алушыларға ақпаратты жай ғана хабарлай салмай, белсенді түрде сараптама жасау үдерісін олардың белсенді, теоретик, ойшыл, прагматик оқу стильдерін ескеріп ұйымдастырған тиімдірек;

- білім алушыларды жаңа біліммен және тәжірибемен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың алған білімдері мен тәжірибелерін саралай отыра, өз қызметінде жоспарлап, қолдануға деген қызығушылықтарын ояту маңызды;

- әрбір қатысушының оқу мен ақпарат алудың өзіне ұнайтын аспектілері бар екенін есепке алсақ, мысалы, кейбіреулерге тапсырмаларды орындау қызықтырақ, ал кейбіреуі сызба жасағанды ұнатады, дегенмен, егер біз пайымдауды қолданып, циклдің барлық төрт сатысында білім алушылардың қабілеттерін ескерсек, олардың дамуына үлес қоса аламыз.

Сонымен қатар, тренинг арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларының даму процесі топ эволюциясының барлық белгілі кезеңдерінен: номиналды қауымдастықтан құрылымды саралау және үйлесімді байланыстар жүйесін орнату кезеңіне, топта бір-біріне деген жоғары сенім мен ішкі талапшылдық болған кезде бірігу мен жайлылық деңгейіне өтетіндігі байқалды.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Кіру режимі: URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilet-ti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> [Қаралған күні 24.07.2024].

[2] Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8-шілдедегі № 471 қаулысы. Кіру режимі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000471> [Қаралған күні 24.07.2024].

[3] UNESCO: Transversal competences in education policy and practice. UNESCO Bangkok Office, - 2016. – 51 p.

[4] Tilea M., Duta O., Johansson J., Murphy P. Transversal skills development in modern teaching practice: a good practice guide. – Bucharest: Pro Universitaria, - 2015. – 213 p.

[5] Larraz N., Vazquez S., Liesa M. Transversal skills development through cooperative learning. Training teachers for the future. On the Horizon, - 2017, - Vol. 25 Issue: 2. – 14 p.

[6] Guiland A. Development of assessment of transversal skills in European collaboration. Differences in teaching and learning Environments. INTED2016, Proceedings, - 2016. – P.5436-5443.

[7] Фадель Ч., Бялик М., Триллин Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха: Пер. с англ. - М.: Издательская группа «Точка», - 2018. – 240 с.

[8] Альдибекова Ш.Н., Капсанова Г.Б., Жұбандыкова А.М. «Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнін оқытуда студенттердің трансверсальді құзіреттіліктерін қалыптастыру.



//Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ Хабаршысы, “Педагогика ғылымдары” сериясы, №1 (72) - 2024. – Б.198-216.

[9] Тренерге арналған нұсқаулық. НЗМ ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы». – Астана, - 2015. – 122 б.

[10] Kolb D. Experiential Learning: Experience as the source of learning and development, //Second Edition. United States of America, -2014. – 27 p.

[11] Honey P., Mumford A. The Manual of Learning Styles, - 1992. – 88 p.

[12] Сарсенбаева Г.Х., Кужагулова Ж.М. Тренингті жоспарлауда Колб моделін қолдану жолдары. // «Білім беру: зерттеу және орнықты даму» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – Астана: НЗМ ДББҰ, - 2015. – Б.679-683.

## REFERENCES

[1] Kazakhstan Respublikasynyn Prezidentı K.K.Tokaevtyn «Adiletı Kazakhstannyn ekonomikalyk bagdary» atty Kazakhstan khalkyna Zholdauy (Address of the President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev to the people of Kazakhstan entitled "Economic Orientation of Fair Kazakhstan"). Kiru rezhimi: URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletı-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> [Karalghan kuni 24.07.2024]. [in Kaz]

[2] Omır boıy oku (uzdıksız bilim beru) tuzhyrymdamasyn bekıtu turaly Kazakhstan Respublikasy Ukımetının - 2021 zhylygy 8 shıldedegı -No 471 kaulysy (Resolution No. 471 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated July 8, 2021 on approval of the concept of lifelong learning (continuous education)). Kiru rezhimi: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000471> [Karalghan kuni 24.07.2024]. [in Kaz]

[3] UNESCO: Transversal competences in education policy and practice. UNESCO Bangkok Office, 2016. – 51 p.

[4] Tilea M., Duta O., Johansson J., Murphy P. Transversal skills development in modern teaching practice: a good practice guide. – Bucharest: Pro Universitaria, 2015. – 213 p. [https://proiecte.ucv.ro/transmod/media/good\\_practice\\_guide\\_EN.pdf](https://proiecte.ucv.ro/transmod/media/good_practice_guide_EN.pdf)

[5] Larraz N., Vazquez S., Liesa M. Transversal skills development through cooperative learning. Training teachers for the future. On the Horizon, 2017, Vol. 25 Issue: 2. – 14 p.

[6] Guiland A. Development of assessment of transversal skills in European collaboration. Differences in teaching and learning Environments. INTED2016, Proceedings, 2016. – P. 5436-5443.

[7] Fadel Ch., Bälík M., Triling B. F15 Chetyrehmernoe obrazovanie: Kompetensii, neobhodimye dlä uspeha (Four-Dimensional Education: Competencies Needed for Success): Per. s angl. - M.: Izdatelskaia gruppa «Tochka», 2018. – 240 s. [in Rus]

[8] Aldibekova Sh.N., Kapsanova G.B., Zhubandykova A.M. «Zheke tulgalyk damytu negizderi» panin okytuda studentterdin transversaldi kuziretilikterin kalypastyru (Formation of transversal competences of students in teaching the subject "Fundamentals of personal development"). Abylai khan atyndagy KazHKATU Khabarshysy, “Pedagogika gylymdary” seriyasy, №1 (72) 2024. – Б.198-216. [in Kaz]

[9] Trenerge arналған нұсқаулық (Trainer's Guide). NZM DBBU «Pedagogikalyk sheberlik ortalygy». – Астана, 2015. – 122 б. [in Kaz]

[10] Kolb D. Experiential Learning: Experience as the source of learning and development, Second Edition. United States of America, 2014. – 27 p.

[11] Honey P., Mumford A. The Manual of Learning Styles, 1992. – 88 p.

[12] Sarsenbayeva G.Kh., Kuzhagulova Zh.M. Treningti zhosparlauda Kolb adistemessin koldanu zholdary (How to use the Kolb model in training planning). // «Білім беру: зерттеу және орнықты даму» Khalykaralyk gylymi-praktikalyk konferentsiasy. – Астана: NZM DBBU, 2015. – Б.679-683. [in Kaz]

# ТРЕНИНГ КАК МЕТОД РАЗВИТИЯ ТРАНСВЕРСАЛЬНЫХ НАВЫКОВ У БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

\*Сарсенбаева Г.Х.<sup>1</sup>, Жумабаева А.Е.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Данная статья посвящена развитию трансверсальных навыков будущих педагогов начального образования на современном этапе. На основе изучения научной литературы сделан анализ современного состояния развития трансверсальных навыков. Речь идет о тренинге – об одном из важнейших методов развития трансверсальных навыков у будущих педагогов начального образования. В статье определена актуальность развития трансверсальных навыков будущих педагогов начального образования на основе их заинтересованности в тренингах, проводимых с целью развития гибких навыков.

Анализируются результаты планирования тренингов по модели Колба и проведения их со студентами специальности «Педагогика и методика начального обучения» Казахского национального педагогического университета имени Абая и их отзывы.

Результаты исследования показали, что отношение студентов к трансверсальным навыкам положительное. По отзывам студентов, развитие в ходе тренинга трансверсальных навыков, таких как развитие умения работать в команде, креативности, эффективной коммуникации, критического мышления, трансформационного лидерства, эмоционального интеллекта, тайм-менеджмента и др. создает возможность получить качественное образование и создать конкурентоспособную нацию. Промежуточные результаты исследования, описывающие эффективность методов проведения тренинга по модели Колба и методов тренинга, предложенных факультетом образования Кембриджского университета, позволили создать нашу авторскую систему тренингов с использованием национальных ценностей.

**Ключевые слова:** подготовка будущих педагогов начального образования, профессиональная подготовка, трансверсальные навыки, тренинг, планирование тренинга по модели Колба, национальные ценности, структура тренинга, развитие

## TRAINING AS A METHOD FOR DEVELOPING TRANSVERSAL SKILLS IN FUTURE PRIMARY EDUCATION TEACHERS

\*Sarsenbayeva G.Kh.<sup>1</sup>, Zhumabayeva A.E.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** This article is devoted to the development of transversal skills of future primary education teachers at the present stage. Based on a study of scientific literature, an analysis of the current state of development of transversal skills is made. We are talking about training - one of the most important methods for developing transversal skills among future primary education teachers. Based on the interest of students in the trainings for the development of flexible skills, the relevance of the development of their transversal skills is defined in the article.

The results of planning trainings according to the Kolb model and conducting them with students of the specialty “Pedagogy and Methods of Primary Education” at the Abai Kazakh National Pedagogical University and their feedback are analyzed.

The results of the study showed that students' attitudes towards transversal skills are positive. According to student reviews, the development of transversal skills during the training: the development of the ability to work in a team, creativity, effective communication, critical thinking, transformational leadership, emotional intelligence, time management, etc. creates the opportunity to receive a quality education and create a competitive nation. Interim research results describing the

effectiveness of training methods based on the Kolb model and training methods proposed by the Faculty of Education at the University of Cambridge allowed us to create our own training system using national values.

**Key words:** training of future primary education teachers, professional training, transversal skills, training, planning training according to the Kolb model, national values, training structure, development

*Мақала түсті: 14 ақпан 2024*